

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ХИКАЯНЫҢ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ (қазіргі шағын проза негізінде)

Жасмин АЙТУАРОВА, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан (E-mail: jasminaaituarova@gmail.com)

Ғылыми жетекші: Қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Phd Г. Сағынадин

Аңдатпа: Ұсынылған ғылыми жұмыста әдеби-фольклорлық интеграцияның сипатын ашу көзделді. Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгерұлы, М. Мағауин, Т. Әсемқұлов, Қ. Мұбарак және М. Омарова сияқты жазушылардың әңгімелері негізінде жазба әдебиеттегі фольклорлық хикаяның көрінісі талданды. Хикая жанрының мифтік негізі, демонологиялық кейіпкерлер болмысын ашудағы сюжеттік баяндау тәсілі бүгінгі қазақ әдебиетінде жалғасын табуы жұмыстың мазмұнын құрады. Мифтік ойлаудың көркем ойлауға ұласып, фольклорлық дәстүрдің әдеби туындыдағы сюжеттің құрылымның генезистік бастауы болып, поэтикалық қуатын күшейтудегі рөлін көрсету, талдау және тұжырымдау – зерттеу ісінің негізі мақсат-міндеттерін қамтыды.

Түйін сөздер: фольклор, хикая, шағын проза, мифологиялық кейіпкер, интерпретация, мотив.

Annotation: The presented research aims to reveal the nature of literary and folkloric integration. Based on the short stories of writers such as Zh. Aimauytov, K. Kemengeruly, M. Magauin, T. Asemkulov, K. Mubarak, and M. Omarova, the study analyzes the manifestation of the folkloric legend in written literature. The content of the work focuses on how the mythological foundation of the legend genre and the narrative techniques used to reveal the nature of demonological characters continue in contemporary Kazakh literature. Demonstrating, analyzing, and summarizing how mythological thinking transforms into artistic thinking, how the folkloric tradition serves as the genetic basis for the structure of the plot in literary works, and how it enhances poetic expression constitute the main goals and objectives of the research.

Фольклор – ел тарихының ең мазмұнды бөлігі. Мұнда ұлттық идеяның элементтері, тарихи байлық пен рухани ой көрініс тапқан. Бұл халықтың қоршаған ортаға, қоғамға, әлеуметтік жағдайға қатысты ой-пікірін білдіретін эстетикалық өлшем, тарихымыздың ажырамас бөлшегі деп атай аламыз. Қазақ философиясының негізгі тірегі – фольклор. Оның қайнар көзі, бастау бұлағы – батырлар жыры, миф, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары. Ықылым заманда ата-бабаларымыз қоршаған ортадағы құбылыстарды ұғынып, оларды түсіну үшін тылсым дүниенің сырын ашуға ұмтылатын. Бұл дүниетанымның барлығы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, бүгін бізге жетіп отыр. Ұзақ уақыт бойы фольклорлық мұра әдебиетке тән талаптар мен қағидаларға негізделіп, сол межемен бағаланып келді. Тек 1971 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде М. Дүйсеновтың «Фольклор ма, әдебиет пе» деген мақаласында фольклор мен әдебиеттің жігі ажыратылып, екі бөлек ұғым екені айқындалды. Б. Абылқасымов

та бұл пікірді қолдап, өз дәлелдерін келтірген: ««Фольклор» мен «әдебиет» ұғымдарын қатар қоюдың дұрыс емес екендігі анық байқалады. Әдебиет тек сөз өнеріне жатса, фольклорда бірнеше өнер бас қосады: сөз өнері, сахна өнері, музыка өнері. Осы сипаттарды бөлінбес бүтін құбылыс ретінде қабылдағанда ғана фольклорлық шығарманың тұтас тұлғасы көрінбек» [1, 168-178 бб.]. Кейінгі С. Қасқабасовтың зерттеулері бойынша да фольклордың өзіне тән үш сипаты анықталған: «біріншіден, фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра; екіншіден, ол – тұрмыстың бір бөлшегі; үшіншіден, фольклор – сөз өнері» [2, 20 б.]. Ал ауыз әдебиеті фольклордың тек «сөз өнері» деген сипатын ғана айқындай алады, сол себепті екеуін тең ұғым деп қарастыру нақты, толық мағлұматтарға сүйенбей қалыптасқан көзқарастар.

Қазақтың фольклоры ел арасында поэзия немесе проза түрінде таралғандығы мәлім. Егер әдебиетте эпос, лирика, драма бар дейтін болсақ, фольклор орындалу мәнері мен қоғамда тіршілік ету жағдайына сай қара сөз, өлең және сөйлесу деген тектерге жіктеледі. Алайда поэзиялық фольклорға қарағанда прозалыққа, яғни қара сөзге ұзақ уақыт бойы аса көп мән берілмей келді. Осыған байланысты халық прозасын жіктеп, саралауда бірталай пікірлер қалыптасқан. Ғалым В. Пропп орыс фольклорын зерттеу барысында халық прозасына ертегілер мен ертегілерден басқа да проза үлгілерін жатқызған. Ертегіге тыңдаушы да, айтушы да сенбейді, оның қиялдан туғанын бәрі біледі деп тұжырымдаған. Ал ертегілерден тыс немесе мазмұнына ел сенетін әңгімелерге жататын хикая, әпсана-хикаят, тарихи аңыз, жай әңгімелер оқиғаны шындыққа жанастырып, ақиқат құбылыс етіп көрсетуге негізделеді. Бұл оқиғалардың өмірде болғанына жұрт кәміл сенетіндігі жайлы ғалым өзінің еңбегінде сөз еткен [3, с. 47]. Ұзақ уақыт бойы қазақтың халық прозасын жанрларға жіктемей, жалпы «ертегі» деп атау орын алған. Мәселен, М. Ғабдуллин қазақ ертегілерін мазмұнына, басқа да ерекшеліктеріне қарай қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы, тұрмыс-салт ертегілері мен аңыз-әңгімелер деп бөлген. Ертегіге жатпайтын аңыз-әңгімелерді ертегілер қатарына енгізіп, Асан Қайғы, Жиренше шешен жайлы ел аузындағы әңгімелерді бұл топқа жатқызған [4, 140 б.]. Ал қазақтың халық прозасын, оның жанрларының жіктелісін зерттеген ғалым С. Қасқабасов қара сөз түріндегі ауыз әдебиет нұсқаларын екіге бөлген: бірі – ертегілердің барлық жанрлары, екіншісі – ертегіге жатпайтын проза. Яғни ертегілік проза және аңыздық проза деп жіктеген. Ғалымның бұл бөлінісіндегі ұстанған негізгі қағидасы – әңгімеленіп отырған оқиғаға халықтың сеніп-сенбеуі. Аңыздық прозаға миф, аңыз, әпсана-хикаят, хикаяны жатқызса, ертегілік прозаға батырлық, қиял-ғажайып, сықақ, ғибраттық, жануарлар жайындағы ертегілерді енгізген [5, 62 б.]. Ертегіге жатпайтын прозалық шығармаларда да қиял кездеседі. Бірақ мұндағы қиял ертегідегі қиял-ғажайыптан бөлек. Аңыздық прозада ол әдейі пайдаланылмайды, белгісіз бір құбылыстарды түсінікті ету үшін қолданылып, кейін ол адам санасында рас, шынымен де болған деп қабылданады. Яғни бұл топтың негізгі ерекшелігі – көркемдігі жағынан қарапайымдылығы мен халықты өзіне сендіріп, иландыратындығында.

Орыс ғалымдарының кейбір деректері бойынша шамамен ХІХ-ХХ ғасырларда қазақ халқы әлі де пұтқа табынып, шамандықпен айналысып, мұсылман деген аты ғана болған дейді. Алайда уақыт өткен сайын ислам діні ел арасына кеңінен тарап, ұстанымдарын насихаттай бастаған кезде, қазақ халқы пұтқа табынушылықтан алыстап, мұсылмандыққа бет бұрды [6, с. 11]. Яғни бұған дейін қазақ елі Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с) табынса да, басқа халықтармен салыстырғанда, қасиетті Құранға да, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) іліміне де немқұрайлы қараған. Қазақтар бұл кездері елде кең тараған наным-сенім, ырымдарға сенген еді [7, с. 8]. Бұған жын, сайтан, албасты, жезтырнақ, үббе сияқты мақұлық кейіпкерлерінің адам өмірінде кездесуі мүмкін деген сенімдері де жатады. Кезінде қазақ халқының діни танымына синкретті қасиет тән болған. Ол ислам дініне дейінгі сенімдер мен ислам діні қалыптасқаннан кейінгі наным-сенімдерді өзіне қамтыған. Патриархалды-рулық қауымнан бірден патриархалды-феодалдық қоғам орнатқан халықтардың мифтері жүйелену мен тұтастанудың орнына бұрынғы киелілігінен айрылып, ыдырай бастады. Бірақ бірден жойылып та кетпеді, себебі жаңадан келген дінді, сенімді қоғам бірден қабылдай алмады және кейбір ескі наным-сенімдер де халық арасында сақталып қалды. Ел арасында өзгеріссіз қалған сенімдердің негізінде көне миф жаңа сипат алып, өзгеріске ұшырады. Көне мифтің өзгеріске ұшыраған бұл кезеңінде адам мақұлықтардан өзін мықты сезінген. Соның нәтижесінде халық өмірде бар деп сеніп, қорыққан түрлі албасты, жезтырнақ, үббе енді керісінше адамнан, халықтан қорқып, бұрынғыдай билік жүргізу қолынан келмейтінін білгендіктен, жұртты алдау-арбаумен қолға түсіретін болған. Аңыздық прозаның бұл түрін хикая (быличка) деп атайды [5, 102 б.]. Хикая – халық өмірде бар деп сенген әр түрлі жезтырнақ, үббе, күлдіргіш, шайтан, пері, жалғыз көзді дәу сынды құбыжықтар туралы діни нанымға негізделген әңгімелер [5, 101 б.]. Фольклордың бұл түрі елдің мифологиялық түсінігі мен діни сенімінің негізінде құрылған. Әңгімелердегі сюжет, кейіпкерлердің бейнеленуі, қоршаған ортаның сипатталуының барлығы халық арасында көзге көрінбей өмір сүретін түрлі мақұлықтардың бар екеніне елді иландыруға негізделген. Зерттеуші Э. Померанцева: «Хиканың құрылымы негізгі бір міндетке бағынған. Ол – адамның қандай да бір сенімін дәлелдеу, растау, қуаттау. Хикая арқылы адам өмірінде тылсым күш иелерінің бар екенін мақұлдау көзделеді» [8, 52 б.], деп сипаттаған. Оқиғаны баяндаушы әңгімесін ақиқатқа жақындату үшін тұрмысқа қатысты бөлшектерді жиі қолданады: оқиға алдындағы ауа-райы, табиғи құбылыстар, елдің күнделікті тұрмыс-тіршілігі. Ол оқиғасын өз басынан өткендей етіп баяндайды, я болмаса халыққа таныс, атақты тұлғаның өз көзімен көргеніне, өмірінде болғанына сендіреді. Ертегімен салыстырғанда, хикаяның мифологиялық кейіпкерлері де, сюжеті де адамды үрейлендіреді. Оның мазмұнында қарапайым қазақ ауылдарының күнделікті, еш өзгешелігі жоқ тұрмысы баяндалады. Кәдімгі малшы-аңшылардың бірқалыпты болмысы сипатталғанда, бірде-бір қиял білінбейді. Алайда ел өзге де тірі жандардың, жерсу иелерінің, мақұлықтардың бар екеніне мүлтіксіз сенген. Сондықтан бұл әңгімелерде тыңдаушыға қорқыныш, үрей туғызатын жағдайлар орын алады.

Мысалы, жезтырнақпен кездесер алдында адам аттың үркіп, осқыруынан бір пәленің, сұмдықтың боларын сезеді. Жезтырнақпен кездесер алдында да, кездескеннен кейін де адамда үрей, қорқыныш сезімі болады. Бұл хикаяның өзіндік бір ерекшелігі.

Фольклор мен әдебиет бір-бірімен тығыз байланысып жатқан күрделі жүйе. Бұл екеуінің арасындағы тығыз байланыстың болуы - дәстүрлі құбылыс екенін байқаймыз. Себебі қай елдің әдебиетін қарастырсақ та, фольклор – сол елдің әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің бастау бұлағы, алғашқы баспалдағы. Академик С. Қасқабасов әдебиет пен фольклордың байланысын ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттен байқады. Бұл кезең әдебиетінде жаңа тақырыптар мен жанрлардың пайда болуының негізінде әдебиет, бір жағынан, жаңашылдыққа қол созса, екінші жағынан, өзінің түп төркіні - фольклорды тірек етті. Себебі, халық мәдениетінің дамуы фольклор мен әдебиеттің бірлігіне негізделген. Ғалымның айтуынша, прозада фольклор артқы фон ретінде ғана қолданылмайды, ол сюжетке қандай да бір колорит бере отырып, оның негізін құрап, жаңа идеяларға толтыруы мүмкін. Яғни, прозалық шығармалар фольклорлық сюжеттерді өзіне негіз етіп, көбінесе белгілі бір мақсатта қолданылады да, терең астарланып беріледі [9, 303 б.]. Бүгінгі таңда жоғары деңгейге жеткен, кемелденген қазақ прозасының халықтың мұрасы сақталған фольклормен байланысы – өте күрделі құбылыс. Әдебиеттің негізгі қызметі жаңа кейіпкерлер мен образдарды жасап, оларды шығармаларға енгізу болса, фольклор елдің санасында бұрыннан қалыптасқан ұғым-түсініктерді ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп жеткізуді қадағалап, ескіні дәріптеумен айналысады. Фольклорлық туындыларда кеңістік пен уақыт тұйықталып, жақсы сарында аяқталуымен ерекшеленсе, прозада шығарма күтпеген, ойда жоқ жағдаймен аяқталады. Қазіргі кезде қазақ қоғамына таныс көптеген прозалық туындылардың сюжетінде фольклорлық элементтер, сарындар жиі кездесуде. Ғалым А.Н. Веселовский пайымдауынша: «Ескі образдар мен олардың жалғасы елдің сұранысы мен заман талабына сай қайта жаңғырады. Осылай халық санасында, тарихында сақталған бейнелер қайталанып отырады. Сөйтіп әдебиеттегі сюжеттер ескі бейнелердің жаңаруы арқылы дамып, жетіледі» [10, с. 102]. Фольклорлық элементтерді жазушылардың әдеби шығармаларында пайдаланудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, автордың өзі өмір сүрген қоғамның қарама-қайшылықтарын көрсетуі үшін болса, екіншіден, шығарманың бас кейіпкерінің ішкі жан дүниесіндегі күйзелісті, уайым-қайғыны ашып көрсету мақсатында адам санасына бағынбайтын құбылыстарды пайдаланады. Үшінші себеп – туындыны ерекшелендіру үшін ел санасының түкпірінде жатқан шығарма сюжеттерін, кейіпкер образдарын әдейі енгізеді. Төртіншіден, автордың қоғам болмысына қанағатсыздығын көрсету үшін қолданылады [9, 306-307 бб.].

ХХ ғасырдың басында Ж. Аймауытовтың «Елес», Қ. Кемеңгерұлының «Өлім құдайы» сияқты туындыларынан бастауын алған хикая жанры элементтерінің қазіргі шағын прозада кездесуі өзгеше мәнге ие болды. Көбінесе тек кейбір элементтері, мотивтері ғана сақталған. Жазушылар оқырманды

қызықтырып, жүрегін жаулап алу мақсатында, оқиға желісін қиыстырып, қорқыныш тудыру үшін елес, зират пен құбыжықтардың сипатын әдейі қолданады. Осы тұрғыдан қазақ әдебиетінің классигі, ұлт рухының көшбасшысы – Мұхтар Мағауиннің шығармашылық әлемін ерекше атауымызға болады. Жазушының осындай сарында жазылған бірден-бір туындысы – «Қуыршақ» атты шағын әңгімесі. М. Мағауин мұнда қазіргі халық арасында айтылып жүрген жансорғыш (вампир) әйел туралы хикаяны негізге алады. Хикаяның бас кейіпкерлері қалалық студент Құрман мен оның ғашығы Қуыршақ лақап атты қыз [11, 127-162 бб.]. Автордың бұл шығармасында реалистік стильден гөрі фольклорлық таным басымырақ. Әдетте хикаяда кәдімгі күнделікті тұрмыс сипаттала отырып, қандай да бір үрейлендіретін жағдай орын алады. Бұл шығармада бүгінгі жастардың күнделікті өмірі бейнеленеді: университеттегі оқу, би кеші, санаториде демалу. Алайда қорқыныш туғызатын жағдаяттар, тылсым оқиғалар оны хикаяға жақындатады. Мысалы, біріншіден, бас кейіпкердің қызға өзі Қуыршақ деп ат қойып, оқиғаның шынымен де қуыршақпен байланысты болуы, ал оның алдағы болашақ құрбандығын Құрбан деп атауы. Екіншіден, Құрманның үнемі бір нәрседен қорқып, бір жамандықты сезіп жүруі болса, үшіншіден, кенеттен жарықтың сөнуі, қыздың қараңғылықты жақсы көруін, телефон нөмерінің жоғалуын жатқызуымызға болады. Бұның барлығы кездейсоқтық, ал қыздың физиологиясында психологиялық ауытқушылық бар деп түсіндірілуі мүмкін. Соған қарамастан, жұмбақ жағдайлардың орын алуы мен мистикалық сарынға басымдық берілуі - шығарманы фольклорға жақындата түседі. Автор қарапайым алматылық қызды жансорғыш ретінде көрсете отырып, ойыншық қуыршақты тірілтіп, мистикалық элементтерді қолданған. Яғни бұл әңгімеде фольклорлық хикаяның, мифтің шарттары орын алған: әңгіменің қараңғы түнде болуы, кейіпкердің жағымсыз ситуацияның орын алатынын сезінуі, деректілікнанымдылық, елес, түс. М. Мағауин әңгіме сюжетінің негізіне шетел әдебиетіне тән жансорғыш-вампир бейнесін алған. Алайда мұндағы жансорғыш әйел қанмен емес, адамның күш-қуатымен, энергиясымен қоректенеді. Автор фольклорлық хикая жанрына тән сипаттарды негізге ала отырып, бүгінгі оқырман қалауына сай трансформациялап, мистикалық сарында туынды шығарған.

Қойшыбек Мұбарак – қазіргі заманның өзекті мәселелері болып саналатын мәдени, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда фольклорлық көне аңызәңгімелерді негізге ала отырып, жанаша сипатта пайымдайды. Мұндай көріністер жазушының «Пері көші», «От ару», «Жат құшақ», «Көк сайтан» сынды әңгімелерінде кездеседі. Автордың «Пері көші» атты туындысында хикая жанрының негізгі кейіпкерлерінің бірі – перілер туралы сөз етіледі [12, 60-87 бб.]. Әңгімеде хикая жанрының кейбір элементтері қарапайым халық өмірімен астастырылып берілген. Сал-серілік, ұзату той, мал бағу, ауылдардың көшіп-қонуы сияқты қазақ халқының тұрмысын бейнелейтін жағдайлармен қатар ақылға қонымсыз құбылыстар да бар. Мысалы, Жәми жеңгенің перінің қызы болып шығуы, оның бір жыл жесір болып отыруына қарамастан балалы болуы, ол баланың алып күштің иесі болып тууы, адамды өзіне ғашық қылатын

перілердің көшіп келуі, малдарының біркелкі әппақ, аңға ұқсас болуы, сондай-ақ Бақбөр мен Кенжекұлдың перілер үйінде олар ойлағанадай бір ай емес, бір күн ғана қонақ болып, уақыттың құбылуы сияқты ойға сыйымсыз құбылыстардың орын алуы оқырманға түсінбеушілік, қорқыныш сезімін тудыртады. Байқағанымыздай, бұл шығармада жезтырнақтардың мекені сияқты перілердің де әлемі бейнеленген. Автор хикаяда жиі кездесетін кейіпкерлердің бірі перілерді мақсатты түрде сюжетке енгізген. Оқырманға үрей мен қорқыныш туғызып қана қоймай, түрлі таңғажайып, сиқырлы әрекеттермен қызықтырады. Автор перілердің образын көрсету мақсатында фольклорлық сюжеттер мен мотивтерді пайдаланғандығын байқаймыз. Қаламгердің «Сайтан қыз», «Ақ көйлекті қыз» деген кішігірім әңгімелері де құрылымы мен сюжеті жағынан ертеректегі хикаялық әңгімелерге ұқсайды. Екі шығарма мазмұнында да сайтанның адаммен қарым-қатынасқа түсуі баяндалады. Өзінің қысқалығымен ерекшеленетін «Сайтан қыз» әңгімесінде сайтан адамға ғашық болып, бірде басы жоқ, ауада қалықтап тұрған екі көзді ғана болса, кейін иегі жоқ сұлу ретінде бейнеленеді [12, 233-234 бб.].

Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», «Жезтырнақ» сияқты туындыларының негізгі кейіпкерлері – хикая жанрына тән кейіпкерлер. Автор бұл туындыларында үңгір, қараңғы түн, сондай-ақ адамдар көп жолыға бермейтін жерлерде мақұлықтармен кездестіреді. Бірінші шығармасында жазушы қазіргі заманның болмысымен, тұрмысымен байланысты етіп, ғажайып, тылсым күш иелерін көрсетеді: алматылық өмір, түнгі көшелер, қымбат мейрамханалар мен зәулім үйлер, сегіз миллион долларлық жүзік. Яғни бір қарағанда ешқандай қиялы жоқ, күнделікті өмір бейнеленіп жатып, кенеттен пері қызының пайда болуы, оның Қайырболды жайлы деректерді алдын-ала біліп тұруы, кәдімгі жүректі мәрмәр жүрекпен алмастыруы, кенеттен байып кетуі, бұның барлығы түс болып шығуы – адамның санасына сыймайтын дүниелер [13, 280-305 бб.]. Ал екінші туындысының сюжеті қарапайым жезтырнақ туралы хикаяларға ұқсас болып келеді. Бүгінгі күнгі шағын прозадағы хикая элементтері М. Омарованың «Күзгі бір кеште» [14], «Жұмбақ» [15], Қ. Отарбайдың «Вампир» [16, 4-11 бб.], А. Мырзахметтің «Қазық» [17] сынды әңгімелерінде де өз көрінісін тапқан.

«Рецепция» – филология ғылымдарының арасында жиі кездесетін ұғымдардың бірі. Бұл термин «қабылдау», «түсіну», «интерпретация», «сезіну» мағынасында қолданылады. Рецептивтік тәсілдің феноменалдық және құрылымдық-семиотикалық деген екі бағыты қалыптасқан. Мәселен, феноменалдық немесе рецептивті эстетика бағыты бойынша, көркем шығарманың толық аяқталып, өз мәресіне жетуі мен мазмұнының ашылуы оқырман қабылдауымен тікелей байланысты болады. Кітап сүйер қауымның шығарманы оқуда ақыл-ойын қозғауы мен қызығуы – оның мәтін мазмұнындағы оқиғаларға сенімін арттырады деп ойлаймыз. Алайда бүгінгі таңда адамзат ел арасында тараған мақұлық туралы әңгімелерге сене бермейді. Себебі бұрынғы ескі наным-сенімдер жоғалып, адам түсіндіре алмайтын құбылыстар азайды, ғылыми түсініктер беріліп, дәлелденді. Соның нәтижесінде хикаялар ертегі,

анекдотқа айналды немесе мүлдем ұмытылып, жойылды. Қазіргі адамдар – реалисттер. Яғни өмірге шындық тұрғысынан қарайтын, әдебиет пен өнерде де өмірді барынша шынайы күйінде қабылдайтын тұлғалар. Сондықтан хикая жанрының мотивтері, кейіпкерлері, тіпті атқаратын қызметі де адамзаттың дамуына байланысты жаңарды. Техникалық прогресс бүгінгі күнгі оқырман рецепциясын өзгерткені даусыз. Олар тек жазылғанды оқып қана қоймай, аудио форматтағы кітаптар мен кинофильмдер, дыбыстық бағдарламалар сияқты интерактивті қабылдау түріне көшті.

Бүгінгі күнгі хикая жанрының маңыздылығы – ұлт мұрасын сақтаушы ретінде ұрпақтар арасындағы байланысты қамтамасыз етуші. Албасты, көнаяқ, жезтырнақ, жын, пері және т.б. мақұлық кейіпкерлермен кездесуге негізделген әңгімелер зерттеушілер арасында түрлі көзқарастар қалыптастырған еді. С. Қасқабасов прозалық фольклордың ішінде аңыздық прозаға жатқызып, ғылыми айналымға енгізген. Ғалымның зерттеуіндегі ұстанған негізгі қағидасы – халықтың оқиға кәміл сенуі еді. Бүгінгі күнгі фольклор мен әдебиет арасындағы сабақтастық негізінде хикаялық сарындардың қаламгер интерпретациясы арқылы прозада кездесуі белең алды. Бұл кездесулер бір жағынан ұлттық құндылықтарды жоғалтпай, дәстүр жалғастығын насихаттаса, екінші жағынан, фольклорлық сарындар мен мотивтер әдебиеттің мәні мен танымдығық тереңдігін аша түседі. Әдебиет пен фольклордың байланысы күннен-күнге күшейіп, оқырман қауымын өзіне баурауда. ХХ ғасырда Ж. Аймауытовтың «Елес», Қ. Кемеңгерұлының «Өлім құдайы» атты шығармаларындағы мифологиялық кейіпкерлер мен тәуелсіздік жылдарындағы Қ. Мұбарак, Т. Әсемқұлов, М. Омарова мен А. Мырзахмет, Қ. Отарбайдың шығармашылығында белгілі бір қоғам мәселелері негізге алынып, фольклорлық хикаяның сарыны мен кейіпкерлер жүйесі жаңа образда қолданылып, жанрдың адамға үрей, қорқыныш сезімін туғызу қызметі жүзеге асырылған. Қаламгерлер бұл ерекшеліктерді тек шығарма мазмұнын қызықты ету үшін ғана енгізбейді, сондай-ақ кезең ауыртпашылығын көрсету, адамзатқа қандай да бір тәрбиелік сабақ беру мақсатында да қолданады. Бұның барлығы мифологиялық ойлаудың қайта белең алып, жаңғыру жолына түсуіне байланысты.

Қорытындылай келе, хикаяның халық тарихының сонау ықылым заманынан қазіргі уақытқа жетуінің өзі айрықша көрініс. Ол дәстүр мен жаңашылдықты өзінде жинақтай отырып, заманауи адам ойына, ішкі жан дүниесі мен сезімдеріне әсерін тигізе бермек. Дәуір өзгеріп, қоғам жаңарған сайын, хикая халықпен қатар бірге дамуын жалғастырады. Өзіне ұлттың сенімін, қорқынышын, тәрбиесі мен басты құндылықтарын сақтағандықтан, хикая жанры өзінің құндылығын еш уақытта жоғалтпайды деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абылқасымов Б. Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.- 812 б.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. Избранные статьи. – Москва: Наука, 1976. – 324 с.

4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 2014. – 456 б.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. 1 том. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
6. Миропиев М. Демонологические рассказы киргизов. – Санкт-Петербург: В.Ф. Киршбаум, 1888. – 62 с.
7. Инфантьев П.П. Этнографические рассказы из жизни татар, киргизов, калмыков, башкир, вогулов и самоедов. – Санкт-Петербург: А.Ф. Девриен, 1909. – 227 с.
8. Сағынадин Г.С. Фольклор: жанр және образ. Оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясы, 2024. – 266 б.
9. Қасқабасов С. Таңдамалы. 2-том. Мифология. Фольклор. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
10. Балтымова М.Р. Обаева Г.С. Некоторые вопросы типологии фольклоризма (на материале произведений Габита Мусрепова) // Филологическое образование в период детства. – 2023. – №30. – С. 98-104.
11. Мағауин М. Құмырсқа-қырғын. Әңгімелер кітабы. – Астана: Аударма, 2004. – 352 б.
12. Мұбарак Қ. Жат құшақ: мистикалық хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: Ата жұрт, 2012. – 272 б.
13. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т. 2: Проза. Киноромандар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 400 б.
14. Омарова М. Күзгі бір кеште // https://adebiportal.kz/kz/news/view/madina_omarovanyn_angimeleri__12902
15. Омарова М. Жұмбақ // https://qazaqadebiyeti.kz/24440/madina-omarova_mistikaly-gimeler
16. Отарбай Қ. Вампир: итжығыс. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 274 б.
17. Мырзахмет А. Дежавю: әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2021. – 155 б.

DISKURSIV SHAXSNING DIALEKTAL IFODALANISHI O‘ZBEK BADIY MATNIDA

Mahfuza OZOTBOYEVA, Ta’lim bosqichi: tayanch
Doktorantura Yo‘nalish: O‘zbek tili va adabiyoti
Tashkilot: Alisher Navoiy nomidagi Toshkent
davlat o‘zbek tili va adabiyoti universiteti

Abstract: This article explores the linguo-pragmatic nature of the discursive personality and the mechanisms of dialectal speech manifestation within Uzbek literary texts. It focuses on the communicative strategies employed by the discursive personality and examines the interplay between linguistic and cultural identity. Based on Komil Avaz’s literary work *Qo‘nalg‘a*, the study analyzes the aesthetic, psychological, and communicative functions of dialectal expressions, revealing their role in constructing the artistic individuality of the discursive personality. The findings highlight how dialectal units contribute to the aesthetic expression and identity representation in Uzbek artistic discourse.

Keywords: discursive personality; dialectal expression; linguo-pragmatic identity; Uzbek literary discourse; aesthetic and communicative function; cultural identity; communicative strategy

Annotatsiya: Maqolada diskursiv shaxsning lingvopragmatik mohiyati va uning dialektal nutq orqali badiiy matnda ifodalanish xususiyatlari yoritilgan. Diskursiv shaxs tili, muloqot strategiyasi, ijtimoiy va madaniy identiteti o‘rtasidagi bog‘liqlik tahlil qilingan. Dialektal birliklarning estetik, psixologik va ijtimoiy funksiyalari Komil Avazning “*Qo‘nalg‘a*” asari asosida